

А.Р. Масалимова, А.Д. Құрманалиева

Әбу Насыр әл-Фараби: дәуір сұхбаттастығы

Ағымдағы жыл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін мерейлі жыл болып табылады. Университет өзінің 80 жылдық тарихын тойлау үстінде. Мерекелік іс-шаралардың бастамасы рәміздік тұлға әл-Фарабиге арналған халықаралық форуммен басталды. «Әбу Насыр әл-Фараби: дәуір сұхбаттастығы» атты I Халықаралық Фараби Форум ұлы ойшыл, философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің көзқарастарын таныту және насихаттау, университет ректорының бастамасымен қолға алынған «Al-Farabi University-Smart City» брендин Қазақстанда және одан тыс аймақта дамыту, әл-Фараби мұрасын зерттеуші отандық және шетелдік ғалымдардың ынтымақтастық орнату платформасын қалыптастыру және қазақстандық фарабитанудың өзекті мәселелері мен болашағын, қазіргі қоғам дамуының рухани-адамгершіліктік, тарихи, әлеуметтік-саяси, философиялық, экономикалық негіздерін талқылау мақсатын көздеді.

Әл-Фарабидің зиялы білімге талпынысы, өткеннің мұрасын, философиялық дүниесін кеңінен меңгеру мақсаты, ежелгі өркениет философиясын оқу кейінге шегініс арқылы емес, өткенді жаңғырту, жаңарту ісімен жүзеге асыруы, ислам діні аясында дамып, жаратылыстану ғылымдарының өрлеуі арқасында табиғат құбылыстарын кеңінен зерттеу, ақыл-ой шынайы ақиқаттың жалғыз өлшемі ретінде қалыптасып, адам танымын алғы шепке қоюы және ғылымдарды жүйелеудің өзегіне айналдыруы бүгінгі білімге талпынған өскелең жастардың қай-қайсысына болсын үлгі.

Халықаралық Фараби оқулары университет тарихында алғаш рет бастама алды. Мұндағы

діттелген басты мақсат қазіргі заман тұрғысынан ғылымның дамуына жаңаша серпін беру, интеллектуалдық мәдениетті қалыптастыру болып табылды. Ғылым мен білімнің тәрбиімен интеграциясының негізінде инновациялық ойлау жүйесі қалыптасқан еліміздің жаңа буынын қалыптастыру арқылы жастар санасына түрткі болу, патриоттық сезім қалыптастыру, ортағасырда «Қайырымды қоғамның» орнауын арман еткен бабамыздың ойын, заманауи руханилық пен технологиялық сипаттары қатар ұштасып жатқан жаңа замандық смарт қалаға ойыстыру идеяларын дәріптеу Форумдағы баяндамалардың өзегіне айналды. Бірінші Фараби форумнен бастама алған жыл сайын өткізілетін Фараби оқулары әл-Фараби мұралары мен оның заманауи қоғам дамуындағы рухани дәстүр мен ғылыми негіздерінің сабақтастықтарын зерттейтін отандық және шетелдік ғалымдарды серіктестікке шақыруға арналған. Форум жұмысының негізгі бағыттары: әл-Фарабидің рухани мұрасы: Шығыс және Батыс мәдениетінің сұхбаты; әл-Фараби – университеттің мәдени және білім беру рәмізі: Al-Farabi University Smart City; әл-Фарабидің философиялық және әлеуметтік-этикалық дүниетанымы; әл-Фарабидің ғылыми-жаратылыстанулық көзқарастарын талқылауға арналды.

Атаулы шараға шетелдік қонақтар, танымал отандық ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты. Атап айтсақ, көрнекті мемлекет қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Президенті, академик Мұрат Жұрынов, Франциядан келген профессор, белгілі

ғалым Альберт Фишлер, Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры Махмуд Фахми Хиджази, шетелдік қонақтар мен ғалымдар, сонымен қатар ғылыми институттардың директорлары және ғылыми интеллигенция өкілдері қатысты.

Форумның жұмысы барысында отандық және шетелдік фарабитануда белгілі ғалым, филол.ғ.д., профессор Ә.Б. Дербісәлі «Түркиядағы әл-Фараби мұралары» бойынша зерттеулерімен бөлісті, әл-Фараби мен Д. Дидро шығармаларындағы бақыт ұғымын салыстырмалы зерттеу Академиялық Пальмалар орденінің лауреаты Франциялық ғалым Альбер Фишлердің баяндамасында тереңнен баяндалып, конференцияға қатысушылардың ішінде қызығушылық тудырды. Тәуелсіз Қазақстандағы фарабитанудың өзекті мәселелері, тарихи қалыптасуындағы басты кезеңдер, бүгінгі жағдайы мен перспективалары туралы отандық ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филос.ғ.д., профессор Ә.Н. Нысанбаев бірқатар келелі мәселелерді көтерді. Әл-Фараби мұрасының кеңестік идеология кезеңінде отандық фарабитануға да әсері болғаны белгілі, Фараби мұрасынан діни айшықтарды алып тастап зерттеу басымдық танытты десек болады. Осы тұрғыдан

алғанда мұсылман әлеміндегі фарабитану ерекшелігі, Фараби мұрасын мұсылман өркениеті контекстінде баяндаған Ұлыдағ университетінің профессоры, Түркиядағы белгілі фарабитанушы Яшар Айдынлының баяндамасы бірқатар жаңашыл идеяларға түткі болды.

Пленарлық баяндамалар әл-Фараби еңбектерінің өңделген, қайта басылған жинағының тұсаукесерімен жалғасын тауып, университеттегі әл-Фараби орталығының директоры, филос.ғ.д., профессор Ж.А. Алтаевтың орталық жұмысының әл-Фараби мұрасын жас ұрпаққа сіңіру, Орталық Азиядағы өзін танымал орталықтардың бірі ретінде көрсетуге бағытталған перспективаларымен бөлісті. I Фараби Форум аясында ғылыми, білім беру, қоғамдық және халықаралық әріптестікте айтулы нәтижелерге қол жеткізген ғалымдарға «әл-Фарабидің алтын медалін» табыс ету және «әл-Фараби ат. ҚазҰУ Үздік жас ғалымы» дипломдарын табыстау дәстүрінің бастамасының негізі қаланды. Форумның қол жеткізген ең негізгі нәтижесі ұрпақаралық сабақтастықта дәуір сұхбаттастығының мүмкін екеніне дәлел Фараби мұрасы арқылы жастар санасының патриоттық рухта тәрбиеленуіне тұғыр екендігінің анықталуы болды.